

**"Алматы халықаралық әуежайы" ашық акционерлік қоғамының әуевокзалы өртенуіне байланысты жекелеген мәселелер туралы**

Қазақстан Республикасы Үкіметінің Қаулысы 1999 жылғы 18 тамыз N 1193

Үкіметтік комиссияның тұжырымдарын ескере отырып және әуевокзалының ғимаратын қалпына келтіру және оны одан әрі пайдалану мүмкіндігі туралы мәселені шешу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Алматы халықаралық әуежайы" ААҚ-ның әуевокзалы өртенуін тексеру жөніндегі үкіметтік комиссияның 1999 жылғы 24 шілдедегі қорытындысы назарға а л ы н с ы н .

2. Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігі, Энергетика, индустрия және сауда министрлігі, Қаржы министрлігі, Мемлекеттік кіріс министрлігі мен Алматы қаласының әкімі "Алматы халықаралық әуежайы" ААҚ әуевокзалын қалпына келтіру және оны одан әрі пайдалану жөніндегі шараларды айқындау мақсатында кешенді құрылыс-техникалық және қаржы-экономикалық сараптама жүргізу үшін ведомствоаралық комиссия құрсын.

3. Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Мемлекеттік мүлік және ж е к е ш е л е н д і р у к о м и т е т і :

бұрын қол қойылған сенімгерлік басқаруға арналған барлық келісімшарттарды басқаруға және оны сақтауға берілген мемлекеттік мүліктің сақталуын қамтамасыз ету жөніндегі міндеттемелердің болған-болмағанын айқындау жайында тексеру жүргізісін. Сенімгер басқарушылардың мұндай міндеттемелері болмағаны анықталған жағдайда, осындай міндеттемелерді қоса отырып олармен келісімшарт жасалуын қамтамасыз е т с і н ;

мүдделі орталық атқарушы органдармен бірлесіп, осы мүліктің сақталуы

және оны сақтандыру жөніндегі міндеттемені көздей отырып, басқарушы тараппен мемлекеттік мүлікті сенімгерлік басқаруға арналған шарттардың жасалуын қамтамасыз етсін.

4. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Көлік, коммуникациялар және туризм министрлігіне жүктелсін.

5. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Оқығандар:  
Қобдалиева Н.  
Омарбекова А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК